

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті «БД021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесші филология ғылымдарының докторы, профессор Рысалды Құсайын Тынысбайұлының

ПІКІРІ

Зерттеу жұмысы лингвистика саласының өзекті мәселелерінің бірі газет дискурсының қоғам өмірінде алар орнын айқындауға және ондағы иландыру коммуникациясының ерекшеліктерін анықтауға арналған.

Ақпараттық кеңістікте әлем жаңалықтары жалпы тұлғаның лингвистикалық болмысын қалыптастырып, когнитивті ойлау түйсігіне әсер етуші ғаламат күштердің бірі болып табылады. Сондықтан бүгінгі күн әлем лингвисттерінің алдына қойған мақсаты аталмыш әсердің нәтижесін арнайы коммуникативтік стратегиялардың қолданыс ерекшеліктеріне қарап анықтау болып отыр.

М.К.Адырбекованың диссертациялық жұмысы персуазивті коммуникацияны ағылшын және қазақ тілдеріндегі иландыру тұрғысынан зерттеп, екі мәдениетке тән ойлау жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарының әрекет ету жолдарын сипаттайды.

М.К.Адырбекованың зерттеу жұмысында қойылған мақсат пен оны жүзеге асырушы міндеттердің үйлесімі зерттеуші тарапынан күтілген нәтижеге жетіп, тақырыпты жүйелі түрде қорытындылауға мүмкіндік берді.

Оқырман санасын ақпаратқа иландыру ерекшелігі бар мерзімді басылым сұхбаттарын жан-жақты талдай отырып, оларға екі тілді мәдениет тұрғысынан сипаттама беру бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалықтарының бірі болды.

Зерттеушінің әрбір тараудан шығарған тұжырымы мен нәтижесі арнайы сарапталған материалдар тұрғысынан негізді және шынайы.

Зерттеу жұмысының көздеген нәтижесі персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктерін ескере отырып, газет дискурсы авторының қолданысындағы сөздердің номинативтік мағынасының авторлық ниетке (интенция) байланысты өзгеру себебін анықтау.

Диссертациялық жұмыс газет дискурсында иландыру коммуникациясын жүзеге асырушы арнайы коммуникативтік стратегиялар мен тактикалардың екі тілде қолданылу жолын зерттеген. Лингвистикаға белгілі коммуникативтік стратегиялармен қатар жаңа стратегияларды қолданудың қажеттілігін дәлелдеуде арнайы талдау жүргізген зерттеуші өзіндік дәйекті мысалдарын келтіріп, тұжырымын жүйелі түрде ұсынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы газет дискурсының персуазивтік ерекшелігін анықтауда дискурсивті, стилистикалық, лингвистикалық және лингвопрагматикалық талдау әдістерін қолдану арқылы алғаш рет иландыру коммуникациясының ағылшын және қазақ тіліндегі газет дискурсының көрінісін беруге негізделген.

Персуазивті коммуникацияның эксплицитті және имплицитті түрде көрініс табуы ондағы стратегияның авторлық стильге байланысты икемделуі мен оқырман талғамына сай өзгеруіне байланысты. Қаламгерлік идеяны оқырман аудиториясына оңтайлы жеткізу тәсілін айқындау арқылы ондағы санаға тигізілер когнитивті-психологиялық әсердің түп мақсатын анықтауға және оның күтілер нәтижесін болжауға болады. Сондықтан бұл зерттеу жұмысының лингвистика саласында ғана емес, сонымен қатар дискурс-талдау және коммуникация саласында өзіндік құндылығы бар.

Ғылыми зерттеу жұмысы әрбір тарау тұжырымын лингвистика саласының талабына сай ғана емес, сонымен қатар, пәнаралық қасиеттегі медиадискурс саласының өзге де ғылымдармен байланысын ескере отырып жазылған.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер 12 ғылыми мақалада жарық көрген: 6 – халықаралық ғылыми конференцияда, 4 – Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімнің басылымдарында жарық көрді. 1 мақала Scopus мәліметтер базасындағы халықаралық басылымда және 1 мақала «Егемен Қазақстан» газетінде басылып шықты.

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған бұл диссертация аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Барлық ғылыми тұжырымдары мен қорытындысы лингвистикалық талаптарға сай жазылған бұл зерттеу жұмысы жалпы лингвистика саласын дамытуға өзіндік үлесін қосады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты диссертациясын «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші
филология ғылымдарының докторы,
профессор
Абылай хан атындағы
ҚазХҚ және ӘТУ**



Қ.Т.Рысалды